

Түсінік хат

Қазіргі таңда мектепке дейінгі жаста ерекше назар аударатын тәрбие түрі-сезім тәрбиесі. Сезім тәрбиесі алдымен қоршаған ортадағы болымысты қабылдау мен түйсікке негізделеді.

Баланың логикалық ойлау түсінігі ең алдымен , оның сезінуімен байланысты. Баланың математикалық түсініктерді дұрыс меңгеруі, баланың дамуы, жас ерекшеліктеріне байланысты болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік эталондарды игеруі балабақшада тәрбиелеу мен білім бағдарламасында көрсетілген геометриялық пішіндермен, түстер мен танысудан басталады. Мұндай танысу негізінен көпшілік қабылдаған үлгілерден басталады да, тиімді іс –әрекеттердің көптеген түрлерін меңгеру үрдісінде өтеді. Тәрбиеші ақыл-ой, сезім тәрбиесінің міндеттерін ойын формасында қойып, оны ойынмен байланыстырады.

Ойын -бала өміріндегі тәрбиенің шешуі шарты.Бала өзін қоршаған ортаны,өмір сүріп отырған айналасындағы құбылыстар мен заттарды ойын арқылы түсініп,ұғынады. Ойын тәрбиешінің бірден-бір көмекші құралы десек де болады.

Дидактикалық ойын- оның аты айтып тұрғандай , баланың ақыл-ойын дамытып, таным түсініктерді ажыратудағы әдістерінің бірі.

Мақсаты:Математикалық қарапайым ұғымдарды қалыптастыру жұмыстарын тереңдете үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы балалардың білім және біліктілік дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: -Балаларды бірыңғай заттарды сезімдік белгілеріне қарай (көлемі, пішіні, түсіне байланысты) топтауға үйрету; Ойын әрекетінің әр түрін қамтитын және балалардың жалпы дамуына көмектесетін түрлі дидактикалық ойындарды қолдану.

Күтілетін нәтижелер:

Нені білді:ойындар арқылы математикалық таным түсініктерді білді.

Қандай түсініктерді игерді: қарапайым математикалық ұғымдарды игерді.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Баланың өз бетімен жұмыс істеуі;

Бағдарламаның мерзімі: Ересек топта аптасына 1 рет, жылына 36 сағатқа, 1 жылға құрылған.

№/с	Тақырыбы	Мақсаты	Керекті құралдар, көрнекіліктер
	"Қызықты математика әлеміне саяхат"	<p>Балаларды математика әлемімен таныстыру. Математикалық түсініктерді дұрыс меңгеруі, баланың дамуы, жас ерекшеліктеріне байланысты түстерді (қызыл, жасыл, көк, сары) заттардың белгілерін (пішіні, өлшемі) игере білуге сандарды 1-ден 5-ке дейін санай білуін қалыптастыру. Ойын арқылы биік -аласа, жоғары -төмен, оң-сол кеңістік қатынастарын , уақыт реттілігін, күн режимін, тәулік мезгілдерін, жыл мезгілдерін, апта күндерін ажырата білуге үйретуді жалғастыру. Геометриялық пішіндерді ажырата білуін қалыптастыру. Балалардың ойлау қабілеттерін, шапшаңдықтарын арттыру. Ұқыптылыққа, мақсатқа жете білуге өз ойларын жеткізе білуге машықтандыру.</p>	<p>Математика әлеміне қажетті құралдар: түрлі жалаушалар, геометриялық фигуралар, 1-ден 5-ке дейінгі сандар, ойынға қажетті құралдар.</p>
2	"Әдемі гүл"	<p>Гүлдер туралы түсінік жұмыстарын жүргізіп, түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру, түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету, саусақ моторикасын дамыту. Дидактикалық ойын: "Әдемі гүл"</p>	<p>Гүлдер суреті, түрлі түсті гүлдер көбелектер</p>
3	"Әуе шарлары"	<p>Балаларға түстер туралы түсінік қалыптастыру. Берілген үлгіге қарап , түстерді сәйкестендіріп әуе шарларын таңдау жолдарымен таныстыру .</p>	<p>Магнитті тақта немесе фланелеграф, жіңішке картон жолақшалары 6 түсті дөңгелек. Үлестірмелі заттар: әртүрлі</p>

		Дидактикалық ойын: "Әуе шарлары"	жолақшалары бар ақ парақты жолақша
4	«Не қайда тұрады?»	Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту. Балаларға иттің, қоянның, қойдың, торғайдың т.б суреттерін көрсетіп сұрақтар қою арқылы, әрқайсының тұру орталарына орналастыру қажеттігі түсіндіріледі (итке-үйшік, торғайға ұя, қойға-қора, қоян-қоршауға)	Жануарлар және олардың тұратын орталарының суреттері
5	"Суреттерді құрастыр"	Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту. Балаларға кез-келген кесілген суреттер таратылады да, осы суреттерден бүтін суреттер құрастыру керектілігі түсіндіріледі Дидактикалық ойын: "Суреттерді құрастыр"	Әр түрлі суреттер: жемістердің, көкөністердің немесе ойыншықтардың суреттері
6	"Жемістерді жина"	Балаларға жемістер туралы түсінік беру. Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту. Дидактикалық ойын: "Жемістерді жина"	Үлкен, орташа, кішкентай, картоннан қырқылған алма және алма ілінген ағаштар
7	"Жыл мезгілдері "	Жыл мезгілдері туралы түсінік қалыптастыру, ерекшеліктерін ажырату, ретімен атау іскерлігін арттыру. Жыл мезгілдерінің суретін көрсете отырып есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларды тапқырлыққа, ізденпаздыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: "Жыл мезгілдерін ажырат"	Жыл мезгілдері суреттері.
8	"Апта күндері"	Балаларды апта күндерімен таныстыру және түсінік беру. Аптадағы әр күннің өз атауы бойынша атап, есте сақтай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін	Суреттер. Жұмбақтар шешу

		шапшаңдықтарын арттыру. Дидактикалық ойын: "Апта күндері"	
9	"Тәулік бөліктері"	Тәулік бөліктерін бекіту: таң, кеш, күн, түн. Балаларға тәулік бөліктерін үйрету, дұрыс ажыратып айтуға машықтандыру. Тәулік бөлігіне арналған дидактикалық ойын арқылы балалардың есте сақтауы мен танымдық қабілетін дамыту. Дидактикалық ойын: "Тәулік бөліктері"	Тәулік мезгіліне байланысты суреттер. Такпақтар жаттау, жұмбақ шешу.
10	"Мұнара құрастыру"	Балаларды текшенің үстіне текшені дұрыс қоя білуге оның үстіне кірпіш қоюға үйрету; құрап отырған мұнара екенін түсіндіріп, балалардың сөздік қорын дамыту, белсенділігін арттыру; Дидактикалық ойын: "Мұнара құрастыр"	Түрлі түсті текшелер, мұнара көрнекілік суреттер.
11	"Санау"	Балаларға шамамен 5-ке дейін санауды және қатарда тұрған заттарды көрсете отырып, сандарды ретімен атауды үйрету. Топтағы заттардың саны тең, еместігін анықтау. 5-ке дейінгі сандарға жұмбақ, жаңылтпаш, санамақтар, айтып тілін дамыту, көркемдік талғамын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: "Баспалдақ жасау"	5-дейін санау. Жұмбақ жасыру, жаңылтпаш айтқызу Ойынға қажет заттар: бес түрлі түстен әр түрлі ұзындықтағы кесінді.
12	"Қуыршақ қонаққа дайындалуда"	Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру. Дидактикалық ойын: "Қуыршақ қонаққа дайындалуда" Қуыршақ қонаққа барады, киімін киюге, шашына бантик таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп бантиктердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантикті табу керек. Әдемі бантиктермен	Қуыршақ, ұзындықтары бірдей бантик

		куыршақтың шашын әсемдеу	
13	"Қайда өседі ?" дидактикалық ойын .	Көкіністер туралы түсінік жүргізу. Ойын арқылы көкіністердің пішіні мен көлеміне қарай(дөңгелек,ұзын-қысқа,жуан-жіңішке,тең-тең емес)жайында түсінік беру. Дидактикалық ойын: "Көкіністерді ажырат"	Түрлі көкіністер суреттері.
14	"Сиқырлы қораптың қызықтары"	Заттың қасиеттерін, геометрикалық фигуралар мен олардың белгілері туралы білімдерін қайталау, сандар құрамын бекіту, саусақ қимылын дамыту, логикалық тапсырмалар арқылы ақыл-ойын, зиянын дамыту. Дидактикалық ойын:"Қандай пішін"	Геометриялық фигуралар
15	"Үлкен-кіші"	Түстер туралы білімдерін бекіту,заттарды көлеміне қарай ажырата білуге үйрету.Үлкен-кіші, ұқсас емес деген сөздерді қолдана отырып, зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамыту. Әр түрлі көлемдегі ойыншықтар мен жануарлардың суреттерін атай отырып көлемдерін ажыратады. Дидактикалық ойын:"Үлкен-кіші"	Ойыншықтар мен жануарлар суреттері
16	"Тез ойла,ойна"	Балалардың пішіндерді ретімен орналастыра білу түсініктерін арттыру,санамақтар арқылы сандарды айта білуге, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. Дидактикалық ойын:"Не жетіспейді?"	Түрлі пішіндер. Санамақтар айту.
17	"Дастархан әзірлеу"	Әр түрлі төртбұрыш қағазды дастархан ретінде пайдаланып қызыл, жасыл, ақ, күлгін, және сары қағаздан немесе картоннан қиып үлкенді –кішілі тостағандар табактар	Түрлі-түсті қағаздар,үлкен-кіші тостаған суреттері

		жасату, қағаздан қиылған бауырсақтардың түсін, пішінін ажыратып дастархан әзірлеу; Дидактикалық ойын: "Түстерін ажырат"	
18	"Кеселер"	Екі түсті ойыншық кеселерді түстеріне сәйкес топтау. Басқа заттармен салыстыра отырып, көлемін, пішінін, ажырата білуге үйрету, ұқсас заттардың ішінен кесені табуға оның атын дұрыс айтуға жаттықтыру: Дидактикалық ойын: "Танып ал да , түсін айт"	Түрлі ыдыс аяқ ,кесе суреттері.
19	"Түсіне қарай таңда"	Түстер туралы ұғымдарын кенейту, түстерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Дидактикалық ойын: "Түсіне қарай таңда"	Түрлі түсті жалаушалар.
20	"Көлемі әртүрлі білезіктер мен сақиналарды топтау"	Көлемі әртүрлі білезіктер мен сақиналарды көлеміне сәйкес топтай білуге үйрету. Сезімдік сапаларды іс әрекетте бекіту; Дидактикалық ойын: "Сақина салмақ"	Қазақтың ұлттық нақыштағы білезік, сақина суреттері.
21	"Әр түрлі торсықтарды түстеріне қарай орналастыру"	Балалардың түстерді ажыратып атай білуін, торсықтарды түстеріне қарай тақтайшаға орналастыра білу қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа ,бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. Д/о: "Торсықтарды топтастыр"	Торсық суреті. Ойынға қажетті құралдар: Түстері әртүрлі торсықтар тақтайша.
22	"Кемпіркосақ"	Түстерді ажырата білу, оны дұрыс пайдалана білуге үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: "Түстерін ажырат"	Кемпіркосақ суреті.
23	"Ұлттық бұйымдар"	Балаларды топ бөлмесінде, өзін қоршаған заттардың ішіндегі ұлттық бұйымдарды	Ұлттық бұйымдар бейнеленген суреттер, түрлі ұлттық бұйымдар.

23		дұрыс атай білуге, түр түсі, пішіні, көлемі жайында түсініктерін кеңейту, ұлттық бұйымдарды бейнелеу іс-әрекетінде бере білуге, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Дидактикалық ойын: "Ұлттық бұйымдар"	
24	«Ойнайық,та ойлайық»	Тапсырмалар арқылы логикалық ойлау қабілеттеін арттыру,ынтамен дұрыс орындауға үйрету,ой-өрісін кеңейту. Дидактикалық ойын:"Сипап-сезіп арқылы тану"	сандар,үлестірмелі аңдар суреттері, сызба тапсырма, логикалық тапсырма
25	"Анама арналған моншак"	Моншактың көлемі, пішіні, түсі,саны әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.Аналарына сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.Есте сақтау қабілеттерін арттыру. Дидактикалық ойын:"Сикырлы қалта"	Түрлі-түсті моншақтар суреттер. Сикырлы қалта
26	"Қалай жүріп, нені тапқың келеді?"	Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында- артында ұғымдарын бекіту.Балалардың ой-өрісін кеңейту. Дидактикалық ойын:"Оң-сол"	Түрлі пішіндер,суреттер.
27	"Зат неге ұқсайды? "	Заттарды сипаттай алу, оның бар белгілерін табу, затты сипаттамасына орай тануды дамыту. Балалардың ойлау қабілеттерін шапшаңдықтарын арттыру. Дидактикалық ойын:"Зат неге ұқсайды?"	Суреттер,ойыншықтар.
28	"Бір және көп "ұғымы .	"Бір" және "көп"ұғымдарын қолдана отырып, 2 түрлі түсті жолақшаларға берілген заттарды орналастыруға жаттықтыру. Оң,сол қолдарын ажыратып, атап айтуға, заттарды оң қолымен алып,сол жақтан бастап қоюға үйрету.	2 түрлі- түсті жолақшалар . Суреттер.

		Дидактикалық ойын: "Көп және біреу"	
29	"Әдемі пішіндер"	Баланың шығармашылық іздену іс-әрекетін белсендіру, фантазиясын дамыту, геометриялық пішіндерден түрлі бейнелер құрай білуге үйрету Дидактикалық ойындар: "шаршы құрастыр"	Геометриялық пішіндер үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, сопақша
30	"Бағдаршам."	Көлемі мен ұзындығы жағынан бір-біріне қарама-қарсы екі затты салыстыру. Бағдаршам көздерін санау және түстерін атау. Дидактикалық ойын: "Не өзгерді ?"	Бағдаршам суреттері. Түстер
31	"Балық аулау"	Балықтың көлемін, сыртқы пішінін, түстерін ажырата білуге үйрету, судың сұйық зат екенін балалардың қолын салдырып, сезімдеріне жеткізу. Дидактикалық ойын: Балық аулау"	Балық суреттері.
32	"Ойнайық, шешпей оны қоймайық"	Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Түрлі логикалық жұмбақтарды шеше отырып, баланың ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру. Дидактикалық ойын: "Сикырлы қапшық"	Жұмбақтар шешу. (сандарға байланысты)
33	"Сипаттамасы бойынша тап"	Балаларға заттардың қалыңдығы, ұзындығы, ені бойынша салыстыра білуге және салыстыруда кең-тар, ұзын-қысқа, ұзынырақ-қысқарак, қалың-жұқа ұғымдарын таныстыру. Заттарды мөлшері бойынша салыстыру кезінде көзбен өлшеуді дамыту. Ойлап, көріп тану, есте сақтау	Ұзындығы бойынша түрлі-түсті заттар, ойыншықтар.

		кабілеттерін арттыру. Дидактикалық ойын: "Байқағыш"	
34	"Биік-аласа ұғымдары"	Таныс заттарды көлеміне қарай (биік-аласа) салыстыруды үйрету. Балаларды шыдамдылыққа қызығушылыққа тәрбиелеу. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Дидактикалық ойын: "Суреттерді орналастыр."	Үлкен-кіші пирамида ойыншықтары, топтағы таныс заттар.
35	"Жүзден жүйрік"	Сандар туралы өткенді пысықтау, ойындар арқылы ойлау ойлау қабілеттерін, зиянын тұрақтандыру. Дидактикалық ойын: "Дауыстап санау"	1-ден 5-ке дейінгі сандар.
36	"Ойна, ойла, жікте!"	Логикалық ойлау қабілеттерін, білім-білік дағдыларын, ойнай отырып ойлауға бағыт беру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Дидактикалық ойын: "Адасқан сандар"	ойынға қажетті сурет тер, сандар, логикалық тапсырма